

## Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуді ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі Ішкі істер министрінің жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылдың 6 желтоқсандағы 2000 жылдың 13 желтоқсандағы N 668 бұйрығы N 799 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 12 қаңтарда тіркелді . Тіркеу N 1360. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2009 жылғы 25 қарашадағы № 441 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 10 қарашадағы № 686 бірлескен бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 2009.11.25 № 441 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.10 № 686 бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 496-1 ҚРЗ Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Бекітілсін:

1) Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің тәртібі туралы ереже (1-қосымша);

2) Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымын (орталықты, аурухананы, бөлімшені және палатаны) ұйымдастыру жөніндегі ережелер (2-қосымша).

2. Облыстық, Астана және Алматы қалалық денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының) және ішкі істер органдарының бастықтары "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің тәртібі туралы қағиданы" және "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымын (орталықты, аурухананы, бөлімшені және палатаны) ұйымдастыру жөніндегі ережелерді" басшылыққа алуға және орындауға қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Төрағаның бірінші орынбасары А.Т. Айдархановқа және Ішкі істер Вице-Министрі Н.А. Власовқа жүктелсін.

4. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі  
агенттігінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі -  
Ішкі әскер қолбасшысы

1 - қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің  
2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 799  
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 668  
бұйрығымен бекітілген

## **Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің тәртібі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида денсаулық сақтау органдарының емдеуден қашқақтап жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды анықтау, есепке алу және мәжбүрлеп емдеуге жіберу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

Денсаулық сақтау мен ішкі істер органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдерін, осы Ережені және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады. К090193

2. Медициналық қызметкерлердің ішкі істер органдарының қызметкерлерімен емдеуден қашқақтап жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқас адамдарды медициналық тексеруге алып келуді жүзеге асырудағы өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу мекемелері мен ішкі істер органдарының басшылары жүзеге асырады. Оларға қызметтік құзыреттерінің шегінде осы Қағиданы орындауды ұйымдастыру, қойылған тапсырмаларды орындау ісіне әдістемелік және практикалық көмек көрсету, көрсетілген санаттағы ауруларды емдеудің жаңа нысандарын енгізу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

### **2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды анықтау мен есепке алудың тәртібі**

3. Емдеу-алдын алу ұйымдарының туберкулез ауруына күдікті барлық пациенттері оның жұқпалы түріне міндетті түрде тексерілуге жатады.

4. Туберкулезбен ауру себебі бойынша есепте тұрған азамат медициналық тексеріледен қашқақтаған жағдайда, оны ішкі істер органдарының қызметкерлері тиісті денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша денсаулық сақтау ұйымы қызметкерінің қатысуымен мәжбүрлеп тексеру үшін арнайы автокөлікпен ж е т к і з е д і .

5. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындар:

1) микроскоппен тексеру нәтижесінде ең аз дегенде қақырықтың екі анализінде қышқылы тұрақты бациллдар (ҚБ) пациенттер;

2) ҚБ-ға қақырықтың бір оң сынамасы бар және рентгенологиялық әдіспен анықталған патологиялық өзгерістері бар пациент;

3) жағындысында қышқылы тұрақты микробактериясы (ҚБ) бір рет табылған және туберкулез микробактериясының көбеюі бар науқас болып табылады.

6. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастар мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу мекемелеріне есепке қойылуға және е м д е у г е ж а т а д ы .

7. Науқастардың аталған санатын уақытылы және толық анықтау, оларды есепке қою және емдеуді жүргізу мақсатында халыққа емдеу-алдын алу көмегін көрсету кезінде алынған деректер пайдаланылады.

### **3. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп емдеуді тоқтату**

8. Мәжбүрлеп емдеуді тоқтату үшін негіз:

1) мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу мекемесі дәрігерлік-консультативтік комиссиясының клиникалық, рентгенологиялық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша науқастарға туберкулездің микробактериясын бөлуді тоқтату туралы қорытындысы;

2) медициналық көрсеткіштері бойынша мәжбүрлеп емдеуді жалғастыру мүмкіншілігінің болмауы болып табылады.

### **4. Науқастарды мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін медициналық қадағалау және емдеу**

9. Мәжбүрлеп емдеуді аяқтаған науқастар тұрғылықты жері бойынша туберкулезге қарсы мекемеге есепке тұруға және туберкулездің жұқпалы түрі сырқатының рецидивін болдырмайтын ем алуға міндетті.

10. Мәжбүрлеп емдеуді аяқтаған науқастарды одан әрі қадағалау туберкулезбен ауыратындар үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2 - қ о с ы м ш а

сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Ішкі істер министрлігінің  
2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 799 2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 668  
бұйрығымен бекітілген бұйрығымен бекітілген

**Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды  
мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге  
қарсы емдеу-алдын алу ұйымын (орталықты, аурухананы,  
бөлімшені және палатаны) ұйымдастыру жөніндегі ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Заңына сәйкес әзірленген және мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымдарын (орталықтарды, ауруханаларды, бөлімшелерді және палаталарды) ұйымдастырудың тәртібін, сондай-ақ онда ерікті емделуден қашқақтап жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастардың болу режимін белгілейді. К 0 9 0 1 9 3

2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымы (орталықтар, ауруханалар, бөлімшелер және палаталар) (бұдан әрі - МТҚЕАҰ) денсаулық сақтаудың емдеуден қашқақтап жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды соттың анықтауы бойынша мәжбүрлеп емдейтін құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

3. МТҚЕАҰ-ның қызметі денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының), облыстық (аймақтық), Астана және Алматы қалалық туберкулезбен күрес жөніндегі үйлестіру кеңестерінің бақылауымен жүзеге асырылады.

4. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуді жүргізу жөніндегі МТҚЕАҰ-ны ұйымдастыруды және ашуды оның қызмет көрсету аймағын да белгілейтін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігімен келісім бойынша денсаулық сақтаудың облыстық (қалалық) органы жүзеге асырады.

5. МТҚЕАҰ туберкулезге қарсы диспансерлер мен ауруханалардың құрамында жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен мәжбүрлеп емдеуде жүрген адамдардың ерікті емделудегі науқастардан оқшау, бөлек ұсталуы арқылы ұйымдастырылады.

6. МТҚЕАҰ-да құрамның орналасуы мынадай талаптардың сақталуымен

ж ү р г і з і л е д і :

- 1) Әйелдер еркектерден бөлек орналастырылады;
- 2) Туберкулездің созылмалы түрімен ауыратындар (4-санат) алғаш анықталған науқастардан бөлек ұсталады;
- 3) Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын кәмелетке толмағандар ересектерден бөлек ұсталады.

7. МТҚЕАҰ шектеу инженерлік-техникалық құралдардың мынадай негізгі элементтерімен жабдықталады

- 1) аумақты негізгі қоршаумен;
- 2) сигнализациямен;
- 3) құжаттар сақтауға арналған сейфпен;
- 4) терезелердегі металл торлармен;
- 5) барлық мамандандырылған және қосымша бөлмелердегі металл есіктермен

;

6) бақылау-өткізу пунктімен.

8. МТҚЕАҰ-ның штаттары туберкулезге қарсы мекемелеріне арналған тәртіппен бекітіледі. Күзет қызметкерлерінің санын, оларға қойылатын талаптарды жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

9. МТҚЕАҰ-ны медициналық аппараттармен, құралдармен, медикаменттермен, шаруашылық мүкәммалымен, жабдықтармен жарактандыру, есеп беру мен есептілік туберкулезге қарсы мекемелерге арналған белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

10. МТҚЕАҰ-ға басшылықты құрылымдық туберкулезге қарсы мекеменің бас дәрігері тағайындайтын және босататын меңгеруші жүзеге асырады.

11. МТҚЕАҰ аумақтық туберкулезге қарсы мекеменің мамандандырылған құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның қызметімен байланысты құқықтарды және міндеттемелерді пайдаланады.

12. МТҚЕАҰ өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің, облыстық департаменттердің (басқармалардың, бөлімдердің) бұйрықтары мен алқа қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады.

13. МТҚЕАҰ-ның аумағы, оның ғимараты, үй-жайлары, жабдықтары туберкулезге қарсы ауруханалар үшін көзделген орналастыру және пайдалану ережелеріне сәйкес жоспарланады және ұйымдастырылады, және науқастарды қадағалау мен оларды санитарлық заңнаманың талаптарына сәйкес ұстау үшін қажетті жағдайларды ескере отырып, күзет құралдарымен және сигнализациямен жабдықталады.

## **2. Мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымының негізгі функциялары мен міндеттері**

14. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды соттың анықтауы бойынша қабылдау, емдеу және ұстау.

15. Туберкулездің жұқпалы түрінен зардап шегетін адамдарға мамандандырылған жоғары білікті емдеу диагностикалық көмек көрсету.

16. Туберкулездің жұқпалы түрінен өз еркімен емделуден қашқақтайтын науқастарды диагностикалау мен емдеудің жаңа ұйымдастыру нысандарын, қазіргі заманғы құралдары мен әдістерін меңгеру және практикаға енгізу.

17. Туберкулезге қарсы мекемелер мен жалпы емдеу желісінің одан әрі емдеуді жалғастыру және туберкулезбен ауыратын науқастарды әлеуметтік еңбекпен оналту мәселелеріндегі сабақтастығын қамтамасыз ету.

## **3. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымын күзету**

18. МТҚЕАҰ өз қажеттігі үшін күзет бөлімшесін құра алады және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

19. МТҚЕАҰ-ның күзеті бақылау-өткізу режимін, сыртқы күзетті ұйымдастыруды, құрамға мәжбүрлеп емдеудегі адамдардың құқыққа қарсы әрекеттерін болдырмау мен алдын алуға көмек көрсетуді көздейді.

20. Күзеттің штаттық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ережені басшылыққа алады, МТҚЕАҰ меңгерушісіне бағынады және өз міндеттерін оның басшылығымен жүзеге асырады.

21. Медициналық құрам мен күзет қызметкерлерінің өзара іс-қимылы МТҚЕАҰ құрылымдық бөлімшелері мен күзет қызметі үшін әзірленген функционалдық міндеттердің негізінде жүзеге асырылады.

22. Төтенше жағдайлар кезінде МТҚЕАҰ-ның күзетін уақытша күшейту туралы шешімді туберкулезге қарсы мекеменің әкімшілігі қабылдайды.

23. Туберкулезге қарсы мекеменің басшылығы күзет жұмысын тексеру мен бақылауды МТҚЕАҰ-ның меңгерушісі мен күзет бастығының қатысуымен жүзеге асырады.

## **4. Науқастарды мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымында ұстау және олардың болу тәртібі**

24. МТҚЕАҰ-ға ену, кездесуге арналған орынды қоспағанда, тек осы мекемеге қызмет көрсететін құрамға, әкімшілікке және кезекші дәрігерге, сондай-ақ денсаулық сақтау мен ішкі істердің жоғары органдарының мамандарына ғана рұқсат етіледі. Қалған адамдар бас дәрігердің, оның емдеу жөніндегі орынбасарының немесе МТҚЕАҰ меңгерушісінің рұқсатымен ж і б е р і л е д і .

25. МТҚЕАҰ аумағынан және қыдыру ауласы аумағынан шығу тек медициналық құрамның қатысуымен емдеу-диагностикалық және оңалту іс-шараларын жүргізу үшін рұқсат етіледі.

26. МТҚЕАҰ аумағынан науқастардың өз бетімен шығуын, сондай-ақ аумаққа бөгде адамдардың енуін болдырмау үшін МТҚЕАҰ күзетінің күшімен бақылау-өткізу жүйесі қойылады.

27. Өз бетімен болмау кезеңі емдеу мерзіміне есептелінбейді.

## **5. Мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымында емдеуде жүрген адамдардың құқықтық жағдайы**

28. МТҚЕАҰ-дағы адамдар Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық құқықтарын, МТҚЕАҰ-ның ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес мәжбүрлеп емдеу режимін сақтау қажеттілігімен байланысты шектеулермен бірге пайдаланады.

## **6. Мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымында емдеуде жүрген адамдарға медициналық-санитарлық қызмет көрсету**

29. МТҚЕАҰ медицина қызметкерлерінің қызметі денсаулық сақтау туралы заңнамамен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрықтарымен" нұсқаулықтарымен, әдістемелік нұсқауларымен және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен р е г л а м е н т т е л е д і .

30. МТҚЕАҰ-да туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын МТҚЕАҰ-ға мәжбүрлеп емдеуге түскен адамдарды мәжбүрлеп емдеуге себеп болған қатысты және абсолюттік сомато-неврологиялық және психикалық қарсы көрсеткіштерді анықтау, басқа ЕАҰ-на ауыстыру мәселелерімен айналысатын, тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлік консультативтік комиссиялар құрылады.

3 1 . М Т Қ Е А Ұ :

1) МТҚЕАҰ-ға түскен адамдарды бірінші санитарлық қарауды және с а н и т а р л ы қ т а з а л а у д ы ;

2) Қажетті тексеруді міндетті түрде тағайындай отырып, алғашқы

тәуліктердің ішінде емдеуші дәрігердің жан-жақты қарауын;

3) Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды сыныбын, туберкулезбен сырқаттану ауырлығы дәрежесін анықтау, сондай-ақ тиісті емдеу әдістерін белгілеу, таңдау және қолдану үшін қажетті қосымша клиникалық т е к с е р у д і ;

4) Барлық жаңа әдістермен және құралдармен емдеуді жүзеге асырады;

5) Мәжбүрлеп емдеудегі әрбір науқасқа ауру тарихы және емдеу курсына қатысты деректер енгізілетін қажетті есеп нысандары жүргізіледі. Емдеу курсы және белгілі бір адамның болу мерзімі біткеннен кейін ауру тарихы шығару эпикризмен аяқталады, туберкулезге қарсы диспансер бас дәрігерінің орынбасары тексереді және архивке тапсырылады. Қажетті есеп нысандары амбулаториялық жағдайларда немесе стационарда емдеудің қолдау сатысын жалғастыруды ұйымдастыру үшін аумақтық туберкулезге қарсы диспансердің диспансерлік бөліміне беріледі.

7) МТҚЕАҰ денсаулық сақтау мекемелері мен МӘСК-тің сұранысы бойынша тек прокуратураның, сот-тергеу органдарының талабымен әкімшілік беретін анықтамалар мен ауру тарихынан үзінділерді толтырады. МТҚЕАҰ-дан шыққандардың, сондай-ақ олардың туыстарының қолдарына бұл құжаттар б е р і л м е й д і .

Басқа ұйымдардың және туыстарының сұраныстары бойынша ол адамның тек МТҚЕАҰ-да мәжбүрлеп емдеуде болғаны мен болу мерзімі ғана хабарланады.

8) Әкімшілік МТҚЕАҰ қызметкерлерінің ішінен жекелеген адамдарды науқастардан алынған заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған сенімхаттың негізінде мәжбүрлеп емдеудегі туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастардың соттағы өкілі болуына уәкілеттеуге құқылы.

9) МТҚЕАҰ денсаулық сақтау мен ішкі істер органдарымен тұрақты және тығыз өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сондай-ақ мәжбүрлеп емдеудің тиімділігін зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

10) МТҚЕАҰ әкімшілігі қажетті санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимді және барлық үй-жайлардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мәжбүрлеп емдеудегі адамдардың арасында алдын алу және гигиеналық жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді.

## **7. Мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымындағы адамдарды есепке алу**

32. МТҚЕАҰ-ның бұйрығымен тағайындалған жауапты адам МТҚЕАҰ-ға келген адамдардың құжаттарының дұрыс ресімделуін тексеруді жүзеге асырады,



тиісті тіркеу журналын жүргізе отырып, МТҚЕАҰ-дағы адамдардың жеке және сандық есебін жүргізеді:

1) Олардың саны, құрамы мен қозғалысы туралы есептілікті жүзеге асырады;

2) МТҚЕАҰ-дағы және одан шыққан адамдарды есепке алады, жеке істерін жүргізеді және сақтайды;

3) Жеке істерді архивке сақтауға береді;

4) Емдеудің аяқталуы, медициналық көрсеткіштері бойынша мерзімінен бұрын, қайтыс болуына байланысты МТҚЕАҰ-дан шыққан адамдарға материалдар ресімдейді, сондай-ақ дәрігердің қорытындысы негізінде МТҚЕАҰ-да болу мерзімін ұзарту нысанасы бойынша сотқа материалдар ресімдейді;

5) Оның құзыретіне жататын хаттарды, өтініштер мен шағымдарды орындайды;

6) МТҚЕАҰ-да құқықтық насихатты жүргізеді;

7) Адамдардың МТҚЕАҰ-дан уақытылы шығуын бақылауды жүзеге асырады, науқастардың уақытылы емделуі мен МТҚЕАҰ-да болуын ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтерді ұсынады.

33. МТҚЕАҰ-да мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдардың ауру тарихтары одан шыққан күнінен бастап 25 жыл сақталады. Бұл адамдардың жеке істері тұрақты сақталады.

34. МТҚЕАҰ-дағы жеке іс жоғалған жағдайда, ол қалпына келтіріледі, ол үшін тиісті органдардан жеке іс жасалатын құжаттардың көшірмелері сұралады. Мұндай істің мұқабасына "Қалпына келтірілген" деген жазу жазылады.

35. МТҚЕАҰ-ға түскен әрбір адамға оның жеке ісінің материалдары бойынша оның есеп карточкасы толтырылады, осы карточкалардан алфавиттік тәртіппен картотека жасалады.

36. Құрамын құрылымдық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері бекітетін комиссия тоқсан сайын бір рет жеке істер мен есеп карточкаларын және МТҚЕАҰ-дағы нақты бар адамдарды салыстыруды жүргізеді, бұл туралы кесім жасалады.

37. Барлық есептік құжаттар, оның ішінде жеке істер, есеп карточкалары алфавиттік тәртіппен және номер тәртібімен сейфте сақталады.

38. Кеткендердің есеп карточкалары алынады және алфавиттік тәртіпте жасалған архивтік картотекаға салынады. Картотекадан уақытылы шығаруға бақылауды жүзеге асыру үшін тоқсан сайын ағымдағы айда шығарылуға жататын адамдардың карточкалары ерекше бақылау үшін бөлініп қойылады. Бұл карточкалар алдағы шығарылу күні тәртібімен орналастырылады.

## **8. Мамандандырылған туберкулезге қарсы емдеу-алдын алу ұйымынан шығарудың негізі мен тәртібі**

39. МТҚЕАҰ-дан шығу үшін негіз туберкулезге қарсы құрылымдық диспансер дәрігерлік-консультативтік комиссиясының клиникалық, рентгенологиялық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша қорытындысы болып табылады.

40. МТҚЕАҰ-да амбулаториялық жағдайда емдеудің қолдау сатысын жалғастыруды немесе оны стационарлық жағдайда жүргізу қажеттігін ұйымдастыру үшін туберкулезге қарсы құрылымдық диспансердің диспансерлік бөліміне берілетін қажетті құжаттар ресімделеді.